

**Аида Серікханқызы Барменкулова<sup>1\*</sup>, Жамал Айткалиевна Манкеева<sup>2</sup>,  
Сара Койшыбаевна Амиртаева<sup>3</sup>**

<sup>1\*</sup> автор-корреспондент, докторант, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-1471-5846 E-mail: bs.aida@mail.ru

<sup>2</sup>филология ғылымдарының докторы, профессор, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-7390-4778 E-mail: mankeeva1950@mail.ru

<sup>3</sup>магистр, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0009-0000-8198-3376 E-mail: samirtayeva2@gmail.com

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОРПУСЫНДА ЭТНОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІ МОДЕЛЬДЕУ

**Аңдатпа.** Мақала Қазақ тілінің ұлттық корпус базасында анықталған этномәдени бірліктерді ішкорпусқа енгізу мәселелесіне арналған. Осымен байланысты этномәдени бірліктердің қазақ тілінің ұлттық болмысын, дәстүрін, дүниетанымын, рухани және материалдық құндылықтарын сақтаудағы кумулятивтік қызметін айқындауға назар аударылады. Мақалада этномәдени атаулардың үлгісі ретінде «тұсаукесер» рәсімінің лексикалық, мәдени-семантикалық және мәтіндік-контекстуалды деңгейдегі көріністері талданып, олардың мәдени коды айқындалады. Аталған бірлік негізінде ұлттық мәдени кодтың тілдегі көрінісі және оның символдық мәні, прагматикалық қызметі талданады. Бұл өз кезегінде тілдік деректерді тек құрылымдық емес, мазмұндық-мәдени қырынан да жүйелеудің маңызын көрсетеді. Зерттеу барысында лексика-семантикалық талдау мен алгоритмдік бағдарламалық тәсілге сүйенген модельдеу әдісі қолданылады. Зерттеу маңыздылығы этномәдени бірліктерді цифрландыру, оларды ұлттық корпус аясында жүйелеу арқылы қазақ тілінің ұлттық болмысын сақтауға, тіл мен мәдениеттің бірлігін жаңа технологиялық деңгейде дамытуға және заманауи лингвистикалық зерттеулердің әдіснамалық базасын кеңейтуге бағытталуымен өзектеледі. Зерттеу нәтижесі Қазақ тілінің ұлттық корпусын жетілдіруге, этномәдени бірліктерді цифрландыруға, жүйелеуге, тіл мен мәдениеттің сабақтастығын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

**Тірек сөздер:** этномәдени бірліктер; Қазақ тілінің ұлттық корпусы; «тұсаукесер» рәсімі; модельдеу; мәдени код

**Сілтеме жасау үшін:** Барменкулова А.С., Манкеева Ж.А., Амиртаева С.К. Қазақ тілінің ұлттық корпусында этномәдени бірліктерді модельдеу. *Tiltanym*, 2026. №1 (101). 196-205-бб.

**Қаржыландыру көзі:** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің ЖТН BR24993244 «Қазақ тілі ұлттық корпусын Smart-мәтіндер мегажобасы және қазақтілді жасанды интеллект негізі ретінде жетілдіру, ішкорпустарын әзірлеу» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-196-205>

**Аида Серікхановна Барменкулова<sup>1\*</sup>, Жамал Айткалиевна Манкеева<sup>2</sup>,  
Сара Койшыбаевна Амиртаева<sup>3</sup>**

<sup>1\*</sup> автор-корреспондент, докторант, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-1471-5846 E-mail: bs.aida@mail.ru

<sup>2</sup>доктор филологических наук, профессор, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-7390-4778 E-mail: mankeeva1950@mail.ru

<sup>3</sup>магистр, Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0000-8198-3376 E-mail: samirtayeva2@gmail.com

## МОДЕЛИРОВАНИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫХ ЕДИНИЦ В НАЦИОНАЛЬНОМ КОРПУСЕ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

**Аннотация.** Статья посвящена проблеме включения этнокультурных единиц, выявленных в базе Национального корпуса казахского языка, в специализированный подкорпус. В этой связи особое внимание уделяется выявлению кумулятивной функции этнокультурных единиц в сохранении национальной идентичности, традиций, мировоззрения, духовных и материальных ценностей казахского языка. В статье в качестве примера этнокультурных наименований рассматривается обряд «тұсаукесер», анализируются его проявления на лексическом, культурно-семантическом и текстово-контекстуальном уровнях, а также раскрывается его культурный код. На основе данной единицы исследуются языковые репрезентации национального культурного кода, его

символическое значение и прагматическая функция. Это, в свою очередь, демонстрирует важность систематизации языковых данных не только с структурной, но и с содержательно-культурной точки зрения. В ходе исследования используются методы лексико-семантического анализа и моделирования, основанные на алгоритмическом программном подходе. Актуальность исследования обусловлена его направленностью на цифровизацию этнокультурных единиц, их систематизацию в рамках национального корпуса, сохранение национальной идентичности казахского языка, развитие единства языка и культуры на новом технологическом уровне, а также расширение методологической базы современной лингвистики. Результаты исследования способствуют совершенствованию Национального корпуса казахского языка, цифровизации и систематизации этнокультурных единиц, а также выводу преемственности языка и культуры на новый уровень.

**Ключевые слова:** этнокультурные единицы; Национальный корпус казахского языка; обряд «тусакесер»; моделирование; культурный код

**Для цитирования:** Барменкулова А.С., Манкеева Ж.А., Амиртаева С.К. Моделирование этнокультурных единиц в Национальном корпусе казахского языка. *TiltanyM*, 2026. №1 (101). С. 196-205. (на каз. яз.)

**Источник финансирования:** Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан ИРН BR24993244 «Совершенствование Национального корпуса казахского языка как мегапроекта Smart-текстов и основы казахского искусственного интеллекта, разработка его подкорпусов».

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-196-205>

**Aida Barmenkulova<sup>1\*</sup>, Zhamal Mankeyeva<sup>2</sup>, Sara Amirtayeva<sup>3</sup>**

<sup>1\*</sup>Corresponding Author, Doctoral Student, Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-1471-5846 E-mail: bs.aida@mail.ru

<sup>2</sup>Doctor of Philological Sciences, Professor, Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-7390-4778 E-mail: mankeeva1950@mail.ru

<sup>3</sup>Master's Student, Akhmet Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0000-8198-3376 E-mail: samirtayeva2@gmail.com

## MODELING OF ETHNOCULTURAL UNITS IN THE NATIONAL CORPUS OF THE KAZAKH LANGUAGE

**Abstract.** The article addresses the issue of incorporating ethnocultural units identified in the National Corpus of the Kazakh Language into a specialized subcorpus. In this regard, particular attention is paid to identifying the cumulative function of ethnocultural units in preserving national identity, traditions, worldview, and the spiritual and material values embedded in the Kazakh language. The study examines the ritual “tusaukeser” as a representative example of ethnocultural nomenclature, analyzing its manifestations at the lexical, cultural-semantic, and textual-contextual levels, and elucidating its cultural code. Based on this unit, the research explores the linguistic representations of the national cultural code, as well as its symbolic meaning and pragmatic function. This, in turn, demonstrates the importance of systematizing linguistic data not only from a structural perspective but also from a content-oriented and cultural standpoint. The research employs methods of lexical-semantic analysis and modeling based on an algorithmic programming approach. The relevance of the study is determined by its focus on the digitalization of ethnocultural units, their systematization within the framework of the national corpus, the preservation of the national identity of the Kazakh language, the advancement of the unity of language and culture at a new technological level, and the expansion of the methodological framework of contemporary linguistics. The results of the study contribute to the further development of the National Corpus of the Kazakh Language, the digitalization and systematization of ethnocultural units, and the enhancement of the continuity between language and culture at a new level.

**Keywords:** ethnocultural units; National Corpus of the Kazakh language; ritual “tusaukeser”; modeling; cultural code

**For citation:** Barmenkulova, A., Mankeyeva, Zh., Amirtayeva, S. Modeling of Ethnocultural Units in the National Corpus of the Kazakh Language. *TiltanyM*, 2026. No.1 (101). Pp. 196-205. (in Kazakh)

**The source of financing:** The article was prepared within the framework of the program-targeted funding project of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan IRN BR24993244 “Enhancing the National Kazakh language Corpus as a megaproject of Smart-texts and Kazakh artificial intelligence base, development of its subcorpora”.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-1-196-205>

### Кіріспе

Қазіргі кезеңде тіл білімінде цифрлық технологияларды пайдалану қарқынды дамып келеді. Өйткені тілдік деректерді жинақтау, оларды жүйелеу және талдау арқылы тілдің құрылымдық және мәдени сипатын айқындауға жағдай жасалады. Солардың бірі – этномәдени бірліктерді модельдеу мәселесі. Бұл бағыт тілдің тек грамматикалық немесе лексикалық жүйесін ғана емес,

мәдени мазмұнын, халықтың дүниетанымдық бейнесін, мәдени-рухани құндылықтарын жүйелі сипаттауға мүмкіндік береді. Әсіресе ұлттық тіліміздің цифрлық кеңістіктегі репрезентациясы айтарлықтай артып отыр. Осымен байланысты қазіргі уақытта тілдік және мәдени деректердің модельдік негізін қалыптастыру – лингвистика мен мәдениеттанудың тоғысқан тұсындағы маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі.

Жаһандану жағдайында мәдениеттердің өзара ықпалдасуы мен ақпарат кеңістігінің шапшаң кеңеюі ұлттық ерекшеліктің әлсіреуіне емес, оны ғылыми негізде сақтап, жүйелеу және қайта зерделеу қажеттігінің артуына алып келеді. Осы үдерісте этномәдени бірліктерді модельдік жүйе арқылы қарастыру ерекше маңызға ие. Өйткені модельдеу ұлттық мәдени мазмұнды құрылымдық тұрғыдан сипаттауға, оның семантикалық қабаттарын айқындауға және тілдік деректер негізінде репрезентативті үлгісін жасауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл лингвистикалық және мәдени ақпаратты интеграциялау арқылы тілдің тек құрылымдық емес, мәдени-танымдық әлеуетін де кешенді түрде көрсетуге жағдай жасайды. Соның нәтижесінде ұлттық мәдени код цифрлық ортада жүйеленген, ғылыми негізделген форматта ұсынылады.

Этномәдени бірліктер тілдің тек құрылымдық емес, мәдени-танымдық деңгейін бейнелегендіктен, оларды модельдеу тіл мен мәдениеттің байланысын терең түсінуге жол ашады. Мұндай зерттеулер нәтижесінде ұлттық дүниетанымның цифрлық моделін қалыптастыруға, мәтіндегі мәдени мазмұнды автоматты түрде тануға және жасанды интеллект жүйелерінде этномәдени ақпаратты тиімді пайдаланудың ғылыми-әдістемелік негізін кеңейтуге жол ашылады. Этномәдени бірліктерді модельдеу олардың семантикалық өрісін, құрылымдық байланыстар жүйесін, прагматикалық қызметін, сондай-ақ мәдени ақпаратты жеткізу тетіктерін айқындауға бағытталады. Бұл үдеріс тілдік деректерді құрылымдау мен формализациялау арқылы этномәдени мазмұнды цифрлық ортада жүйелі және репрезентативті түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Модельдеу – шынайы нысанның (мысалы, этномәдени бірлік немесе мәдени семантиканың) құрылымдық бейнесін ғылыми мақсатта қайта жаңғырту тәсілі (Денисенко, 2005: 7-18). Лингвомәдени зерттеулерде модель белгілі бір ұғымның немесе мәдени феноменнің ішкі құрылымын, өзара қатынастар жүйесін және қызметтік сипаттарын көрнекі әрі талдауға қолайлы құрылымдық үлгі ретінде ұсынуға жағдай жасайды. Тілдік модель құру арқылы зерттеуші нақты мәдени бірліктің семантикалық өрісін, мәдени белгілер жүйесін, концептуалдық құрылымын және олардың өзара байланысын анықтай алады.

Қазақ тіл білімінде этномәдени бірліктерді *тіл~таным*, *тіл~ұлт*, *тіл~мәдениет* сабақтастығында зерттеудің бастауы Қ. Жұбанов, А. Байтұрсынұлы, І. Кеңесбаев т.б. ғалымдардың еңбектерімен байланысты болса, қазақ тіл білімінің кәсіби деңгейі қалыптасқан, өрісі кеңейген кезеңде бұл мәселе Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ш. Сарыбаев, Е. Жанпейісов, Е. Жұбанов, Н. Уәли сияқты қазақ тілінің көрнекті зерттеушілердің этнолингвистикалық, лингвомәдени, лексикографикалық ізденістерінде жалғасын тауып, жаңа ғылыми өріске шықты.

Олар төл мәдениеттің тілдегі көрінісін, халықтық дүниетаным мен тілдік сана арасындағы байланысты, этнолексемалар мен фразеологизмдердің танымдық-мәдени сипатын жан-жақты сипаттады. Қазіргі таңда тілдік деректердің көлемі артып, оларды Ұлттық корпуста енгізу мәселесі жан-жақты қарастырылуда. Осыған байланысты бұл үдерістің тек лексикографиялық сипатпен шектелмейтіні және оны жаңа деңгейде қарастыру қажеттігі өзекті болып отыр. Осы тұрғыдан Қазақ тілінің ұлттық корпусында мәдени мазмұндағы бірліктердің репрезентациясын модельдеу – тек тілдік емес, мәдени ақпаратты жүйелеудің ең тиімді әдісі. Сондықтан зерттеу мәдени деректерді корпус форматында жинақтап, олардың семантикалық байланыстарын, жиілік ерекшеліктерін, прагматикалық қолдану өрісін және мәдени мағыналық өрісін айқындауға мүмкіндік туғызатын осы бағыттағы зерттеулердің қажеттілігі айқындалып отыр.

Этномәдени бірліктердің цифрлық моделін жасау арқылы ұлттық тілдің мәдени кеңістіктегі орнын, мәдени кодтың даму динамикасын және ұлттық символдық жүйесін анықтау қазіргі таңда осы салаға тікелей қатысты өзектеліп отырған ЖИ (жасанды интеллект) мәселесінде де аса маңызды. Осыдан келіп, Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы этномәдени бірліктердің құрылымдық-семантикалық моделін жасау мен олардың мәдени-репрезентациясын жүйелеуге

бағытталған зерттеудің негізгі мақсаты айқындалады.

### **Материал және әдістер**

Зерттеу материалы ретінде Қазақ тілінің ұлттық корпусы (ҚТҰК) құрамындағы этномәдени бірліктер мәдени мазмұндағы мәтіндер негізінде талданып, мәдени ақпаратты репрезентациялайтын мәтіндер жиынтығы – мәдени-репрезентативті ішкорпус аясында зерттелді. Қазіргі таңда бұл ішкорпуста метабелгіленімдермен қамтамасыз етілген бірнеше мың мәтіндік бірлік жинақталған. Материал сапалық тұрғыдан этномәдени мазмұнды репрезентациялайтын әртүрлі жанрлық және стильдік үлгілерді (көркем әдебиет, фольклорлық мәтіндер, публицистикалық мәтіндер, жарнама және медиа дискурс) қамтыса, сандық тұрғыдан ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісін кең көлемде сипаттайды.

Мақалада модельдеу әдісі корпус ішінде бірліктерді іздеу, топтау, жүйелеу және олардың мәдени-семантикалық мазмұнын көрсетуге септігін тигізеді.

Корпустық деректер этномәдени мазмұндағы бірліктердің нақты мәтіндік қолданысын анықтауға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес зерттеуде қарастырылған этномәдени бірліктердің семантикалық құрылымы, мәдени мазмұны және коммуникативті қызметі корпус мәтіндеріндегі контекстік қолданыстар арқылы талданды.

### **Әдебиетке шолу**

Қазіргі кезеңде тілі білімінде қалыптасу үстіндегі цифрландыру үрдісіне сәйкес басты ғылыми бағыттардың бірі – тіл мен мәдениеттің өзара байланысын сандық және модельдік тұрғыда зерделеу. Әлемдік ғылыми тәжірибе көрсеткендей, тілдік деректерді цифрлық кеңістікке көшіру, этномәдени мазмұнды бірліктерді жүйелі модельдеу ұлттық тілдің мәдени кодын сақтаудың жаңа тетігіне айналды (Lakoff, Johnson, 1980).

Корпусқа негізделген модель тілдік бірліктер арасындағы вариацияны сандық және сапалы тұрғыда зерттеуге жол ашады. Бұл әсіресе грамматикалық, морфологиялық немесе семантикалық ерекшеліктерді салыстыруда маңызды (Hardie, 2017: 21).

Тілдік деректердің сандық және құрылымдық жүйесін, семантикалық өрісін көрсету, корпус арқылы алынған нақты мәліметтерді талдауды қолдайды. Яғни, бұл модель тілді қолдану заңдылықтарын бейнелейді (Dunn, 2021: 13).

Модельдеу әдісі – лингвистикада зерттеліп отырған нысанды құрылымдық және семантикалық жүйе түрінде бейнелеуге бағытталады. Ю.М. Лотман мәдениетті «таңбалар жүйесі» ретінде сипаттап, оның негізгі қызметі – мәдени ақпаратты сақтау мен жаңғырту деп түсіндіреді (Лотман, 1992). Бұл идея қазақ тілі білімінде «ұлт пен тіл біртұтас» деген академик Ә.Қайдар мектебінің этнолингвистикалық қағидасына сәйкес «этномәдени таңбаларды модельдеу арқылы тіл мен мәдениеттің тұтастығын, ұлт рухының тілдік көрінісін танимыз» деп анықталады (Манкеева, 2008: 29).

Қазақ тілі білімінде этномәдени мазмұнды модельдеудің ғылыми-теориялық негіздері профессор Асқар Жұбанов еңбектерінен бастау алады. Ол оның тілдік құрылымның артында халықтың ойлау жүйесі мен мәдени тәжірибесі жатқанын атап көрсетіп, «тіл – халықтың мәдени өмірінің көрінісі, оның ішкі рухани дүниесінің жүйелі бейнесі» деп тұжырымдаған (Жұбанов, 2014). Ғалымның бұл пікірі қазіргі заманғы мәдени модельдермен үндеседі, өйткені антропоэлектік парадигмада тілдік таңба тек коммуникативті құрал емес, мәдени ақпаратты тасымалдаушы код ретінде қарастырылады.

Профессор Асқар Жұбановтың пікірінше, «модельдеу әдісінің қажеттілігі, ең алдымен, зерттеу нысанымызды тікелей байқауға, яғни қолмен ұстап, көзбен көруге болмайтын жағдайлардан туындайды. Сондықтан осындай модельдеу әдісі, ол өзінше бір бөлек әдіс ретінде, көптеген ғылымдар саласында, соның ішінде қазіргі қазақ тілін зерттеуде де қолданыс тауып жүргені белгілі» (Жұбанов, 2013: 24). Демек, профессор Асқар Жұбанов тілдік модельді адамның ойлау мен қабылдау әрекетінің көрінісі ретінде қарастырып, ақиқат болмысты тілдік тұрғыдан бейнелеуде модельдеу тәсілінің тиімділігін негіздеген (Жұбанов, 2006: 56).

Корпустық лингвистикада тілді модельдеудің негізгі мақсаты – тілдің құрылымдық, лексикалық және прагматикалық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыдан сипаттау. Тіл әлеуметтік құбылыс ретінде қоғам өмірімен тығыз байланысты болғандықтан, оны ғылыми тұрғыдан

сипаттау үшін нақты деректерге сүйенген үлгі (модель) құру қажет (Барменкулова, Жаңабекова, Манкеева, 2023).

Компьютерлік модельдеу әдістерін пайдалану, оның ішінде іздеу және белгілеу жүйелерін енгізу зерттеу үдерісін оңайлатады: деректерді жылдам жинауға, жүйелеуге және талдауға жағдай жасайды. Сонымен қатар бұл тәсіл ірі ақпарат көлемдерін кешенді түрде өңдеуге, терең семантикалық және лингвистикалық талдаулар жүргізуге жол ашады, нәтижесінде зерттеу сапасы айтарлықтай артады (Tlegenova et al., 2024).

Этномәдени бірліктерді модельдеу барысында зерттеуші Бейсенбаева оларды алдымен тақырыптық топтарға бөліп жіктеуді ұсынады. Бұл тәсіл әрбір бірліктің семантикалық, құрылымдық және прагматикалық ерекшеліктерін жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тақырыптық топтарға бөлу этномәдени ақпаратты ішкорпусқа енгізу үдерісін жеңілдетіп, оның сандық және сапалық сипаттарын көрсетуге жол ашады. Мұндай әдістемелік негіз зерттеу материалын цифрлық форматта модельдеу мен ғылыми талдауда тиімді қолданылады (Бейсенбаева 2019: 89).

Қазақ тіл білімінің мемлекеттік мәртебесін нығайтып, қызмет ету өрісін кеңейту жолында этномәдени бірліктерді модельдеу – ұлттық мәдениетіміздің терең қабаттарын тілдік форма арқылы сипаттаудың инновациялық жолы. Бұл бағыт Асқар Жұбанов ұсынған тіл мен мәдениеттің өзара байланысын кешенді қарастыру ұстанымымен сабақтасып, қазіргі Қазақ тілінің ұлттық корпусын мазмұндық әрі мәдени тұрғыдан байыта түседі. Этномәдени бірліктердің корпус ішіндегі көрінісін модельдеу арқылы қазақ халқының мәдени коды мен рухани дүниесін қазіргі заманда өріс алып келе жатқан цифрлық деңгейде таныстыруға мүмкіндік береді.

Профессор Асқар Жұбанов ұсынған тілдік модель түрлері – құрылымдық, функционалдық, аралас модельдер – этномәдени бірліктерді корпус кеңістігінде жүйелі сипаттаудың ғылыми-әдіснамалық негізі болып табылады. Ғалымның пікірінше, модель – бұл күрделі тілдік және мәдени құбылыстардың формальды, ықшам және түсіндірмелі көрінісі (Жұбанов, 2006: 24). Демек, этномәдени бірліктерді модельдеу кезінде тілдің ішкі құрылымдық жүйесі, оның әлеуметтік-мәдени қызметі мен өзара сабақтастығы қарастырылады.

#### **Нәтижелер және талқылау**

Мақалада *лексикалық деңгей, дәстүр, символдар, қатысушылар, мәдени кодтар, функционалдық модель, концептуалды модель* сияқты компоненттердің сабақтастығына негізделген ішкорпустың құрылымдық моделі ұсынылады. Мұндай құрылым этномәдени деректердің жүйелі түрде сақталуын, ізденістер мен қайталап өңделуін қамтамасыз етеді. Соның нәтижесінде тіл мен мәдениет сабақтастығы мен қазақ мәдениетінің материалдық және рухани болмысының тілдік жүйеде қалай бейнеленетінін көруге болады.

Осы мақсатқа сай этномәдени бірліктердің репрезентациясын қамтамасыз ететін модельдік құрылым жасалып, олардың лексикографиялық, тілтанымдық және мәдени зерттеулерде қолданылу аясы айқындалды. Соған орай қолданылған модельдеу тәсілдері Қазақ тілінің ұлттық корпусының базасында этномәдени бірліктерді жүйелі жинақтап, олардың мәдени-семантикалық мазмұнын толық көрсетуге, сондай-ақ мәтіндік контекстердегі қолдану ерекшеліктерін талдауға жол ашады.

Соның бір үлгісі ретінде мақалада Қазақ тілінің ұлттық корпусы негізінде қазақ дәстүріндегі «тұсаукесер» рәсімі көпдеңгейлі тізбекті модель түрінде сипатталды. Нақты айтқанда, *тұсаукесер* этномәдени бірлігінің тілдік репрезентациясы төмендегідей тізбекті құрылымда жүзеге асатыны айқындалды (Сызба 1).



Сызба 1 – «Тұсаукесер» этномәдени бірлігін корпуста модельдеу  
 Схема 1 – Моделирование этнокультурной единицы «тусаукесер» в корпусе  
 Scheme 1 – Modeling the Ethnocultural Unit “Tusaukeser” in the Corpus

Бұл тізбекте корпустың әр компоненті тіктөртбұрыш түрінде ұсынылады да, ал сызықшалар олардың арасындағы байланысты көрсетеді. *Лексикалық деңгей, дәстүр, символдар, қатысушылар, мәдени кодтар, функционалдық модель, концептуалды модель* корпуста этномәдени бірліктердің зерттеу үшін қалай қолданылатынын анықтайды.

*Тұсаукесер* этномәдени бірлігінің лексикалық құрылымы – күрделі семантикалық өріске ие. Лексеманың екі негізгі компоненті анықталды: *тұсау* (байлау, шектеу) және *кесу* (босату, еркіндік). Бұл антонимдік байланыс рәсімнің мәдени мағынасын көрсетеді: баланың өмір жолының алғашқы қадамы арқылы шектеуден еркіндікке көшу идеясы жүзеге асады. Сонымен қатар *тұсау* сөзі метафоралық деңгейде қолданылып, әлеуметтік және моральдық шектеуді білдіреді. Лексикалық талдау мәдени-функционалдық байланысты айқындап, рәсімнің ғұрыптық

мәнін лингвистикалық тұрғыдан айшықтайды. Қазақ тілінде *тұсау* сөзі метафоралық мағынада қолданылады: *сөзге тұсау салу; аяққа тұсау болу*. Бұл оның физикалық емес, әлеуметтік және моральдық шектеуді білдіретінін көрсетеді. Осылайша, лексикалық талдау «тұсаукесер» рәсімінің мағыналық өрісін «шектеуден еркіндікке өту» моделіне сүйенетінін дәлелдеді. Рәсімнің басты мақсаты – өмір жолының ашық болуын тілеу. Демек, лексикалық мағына ғұрыптық функциямен тікелей байланысты.

*Лексикалық-семантикалық модель.* *Тұсаукесер* этномәдени бірлігінің мағыналық өрісі мынадай модель түрінде бейнеленеді: [*тұсау*] → (шектеу, кедергі, байлау) → [*кесу*] → (шектеуді жою, босату, еркіндік беру) → [*тұсаукесер*] → (баланың алғашқы қадамы, өмір жолының ашық болуы, болашаққа еркін қадам басуы).

«Тұсаукесер» рәсімі – баланың өмірлік жолының алғашқы қадамы ғана емес, сонымен қатар оның қоғамға бейімделуі, мәдени құндылықтарды қабылдауы және тәрбиелік бағдар алуын қамтамасыз ететін күрделі мәдени феномен. Бұл рәсімнің әлеуметтік және моральдық мәні рәсімге қатысушылар арасындағы өзара әрекет арқылы көрініс табады, олардың мәдени құндылықтарды меңгеруіндегі рөлін айқындайды.

Лексикалық-семантикалық және функционалды модельдер рәсімге қатысушылардың тілдік іс-әрекеттерін, атап айтқанда, *тұсауды кесу, бата беру және жақсы тілектер айту* әрекеттерін зерттеуге мүмкіндік береді. Мұндай тілдік әрекеттер перформативтік сипатқа ие болып, баланың болашағын қалыптастыратын ғұрыптық іс-әрекеттер ретінде қызмет етеді.

Модельдеуде лексикалық және функционалды байланыстарды былайша көруімізге болады: *лексика-фразеологиялық бірлік* → *мағыналық өзек* → *функционалды әсері* (коммуникативтік, эмоционалды, мәдени, прагматикалық) → *әлеуметтік әрекет* немесе *нәтиже*.

Осы модель арқылы *тұсаукесер* этномәдени бірлігі тек лексикалық деңгейде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-коммуникативтік және мәдени контексте де толық көрініс табады. Бұл тәсіл мәтіндерді корпустық талдаудағы функционалды лингвистикалық негізді қамтамасыз етеді және этномәдени бірліктердің семантикасы мен қолдану ауқымын жүйелі түрде сипаттауға мүмкіндік береді.

Модельде «тұсаукесер» дәстүрлік іс-әрекет ретінде: баланың алғашқы қадамы, тұсаудың кесілуі, балаға тілек айту және бата беру сынды кезеңдерден тұрады. Бұл әрекеттердің әрқайсысы арнайы мәдени кодтармен байланысты:

адалдық (ала жіп)  
тазалық (ақ жіп)  
көктеу (көк жіп)  
ақ жол (ақ төсеніш)

ашу – баланың өмірлік жолының ашылуы мен болашағына қатысты символдар.

Мұндағы мәдени кодтар «тұсаукесер» рәсімінің маңызын күшейтіп, оның әлеуметтік, ғұрыптық мәнін көрсетеді. Атап айтқанда, ол рәсімге қатысушылар басты рөл атқарады. Бұл «тұсаукесердің» маңыздылығын арттырады, өйткені бұл салт баланың әлеуметтік ортаға бейімделуі мен қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Тұсауды әйел адамға кестірген; жолы болғыш, ақжолтай адамға кестірген; баланың затты таңдау арқылы кім болатындығын анықтаған. Осы рәсімнің субъектілерінің әрекеттері арқылы лексикалық бірліктердің функциясы анықталады: іс-әрекетке шақыру, құндылықты насихаттау, эмоционалды байланыс орнату және қоғамдағы нормаларды бекіту. Осы тұрғыдан «тұсаукесер» рәсімі тек дәстүрлі ғұрып ретінде ғана емес, сонымен қатар мәдени семантикалық кодтарды бейнелейтін әлеуметтік-коммуникативтік феномен ретінде қарастырылады.

Сонымен, рәсімге қатысушылар:

*Бала* – рәсімнің негізгі объектісі, оның алғашқы қадамы мен өмірлік жолы рәсім арқылы ашылады.

*Ата-ана* – рәсімді ұйымдастырушылар, баланың тағдырына батасын берушілер және тәрбиелік қолдаушы адамдар.

*Қонақтар* – баланың ата-анасының айналасын қоршаған ортасы, тілекшілері. Олар баланың өмір жолына қоғамдық қолдау көрсетеді және оның әлеуметтік мәртебесін растауға

қатысады.

Бұл модель рәсімге қатысушылар арасындағы әлеуметтік және мәдени байланыстарды айқындайды. Әрбір қатысушының іс-әрекеті мен рөлі рәсімнің құрылымдық және прагматикалық мәнін анықтауда маңызды болып табылады. Мысалы, ата-ана мен қонақтардың қатысуы арқылы дәстүрдің әлеуметтік нормалары мен құндылықтары бекітіліп, баланың өміріндегі рөлі символикалық түрде белгіленеді. Сонымен қатар рәсім барысында қолданылатын лексикалық бірліктер мен көрнекі элементтер қатысушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, олардың мәдени мәртебесін көрсетеді. Осы тұрғыдан рәсімге қатысушылардың әрекеттері тек дәстүрлі ғұрыптық функцияны ғана емес, сонымен қатар мәдениетаралық байланыс пен әлеуметтік мәртебенің көрінісін де айқындайды. Олар адамның өмірінде алатын орны – отбасылық, әлеуметтік және мәдени тұрғыдағы маңызды рөлдерді көрсету арқылы тұлғаның қоғамдағы бейнесін қалыптастыруға үлес қосады. Бұл аспектілер «тұсаукесер» этномәдени бірлігінің лексикалық-семантикалық моделін толық әрі жан-жақты түсіндіруге жол ашады.

Осындай тұтастықта құрылған концептуалды модель «тұсаукесер» салтының құрылымын, лексикалық, мәдени, ғұрыптық, функционалды құрамдастарын біртұтас жүйеде көрсетуге мүмкіндік береді. Концептуалды модель болашақта басқа салт-дәстүрлерді зерттеуге және ұлттық мәдениеттің толық дерекқорын жасау үшін негіз болады.

Аталған модельді құруда және талдау жүргізуде келесі дереккөздер мен материалдар қолданылады:

– этнографиялық жазбалар – қазақ халқының дәстүрлі мәдениетін зерттеу барысында жинақталған салт-дәстүрлердің сипаттамасын құрайды. Этнографиялық деректер ұлттық дәстүрдің уақытқа байланысты өзгерістерін байқауға мүмкіндік береді;

– көркем әдебиет – қазақтың эпостық, прозалық шығармаларында «тұсаукесер» рәсімінің бейнелері, оған байланысты символдар, тілдік тіркестер кеңінен кездеседі. Бұл әдеби деректер салттық іс-әрекеттің маңыздылығы мен рухани мәнін тереңірек ашуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ мәдени этнографиялық контексті толықтырады;

– ғылыми сипаттамалар – әдеби және этнографиялық материалдарды ғылыми талдау нәтижесінде алынған тұжырымдар, сондай-ақ функционалды және мәдени құндылықтардың сипаттамалары ҚТҰК мәдени-репрезентациялық ішкорпусына енгізіледі.

Бұл ғылыми сипаттамалар концептуалды модельдердің теориялық негізін қалыптастырып, әдістемелік тұтастықты қамтамасыз етеді. Осы үш дереккөздің ықпалымен «тұсаукесер» салтының концептуалды моделін құру жан-жақты, кешенді зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар модельдің лексикалық сапасын арттыруға, салттың мағыналық және семантикалық құрылымын нақтылауға ықпал етеді.

### **Қорытынды**

Жоғарыда көрсетілген модель «тұсаукесер» рәсімінің тілдік, мәдени, ғұрыптық және әлеуметтік аспектілерін кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік береді. Рәсім баланың өмірлік жолының алғашқы қадамы ретінде ғана емес, қоғамға бейімделуі, мәдени құндылықтарды қабылдауы және тәрбиелік бағдар алуында маңызды функция атқарады. Осы зерттеу «тұсаукесер» рәсімінің барлық моделін біріктіріп, оны ғылыми тұрғыдан жүйелі сипаттаудың, сондай-ақ ұлттық мәдениетті кешенді талдаудың негізін ұсынады.

Зерттеу нәтижесінде ұлттық реалийлердің лингвомәдени репрезентациясы мен жүйеленуін қамтамасыз ететін ішкорпустың модельдік құрылымы түзіледі. Бұл модельді болашақта лексикографиялық, лингвомәдени, лингвоаксиологиялық және корпусдық зерттеулерде қолдануға болады. Қазақ тілінің ұлттық корпусы базасында этномәдени бірліктерді модельдеу ұлттық мәдени-семантикалық мұрасын сақтауға, танытуға және цифрландыруға қызмет етеді.

### **Әдебиеттер**

Барменкулова А.С., Жаңабекова А., Манкеева Ж.А. Этномәдени бірліктердің корпуста берілу жолдары // Tiltanym. 2023; 89(1): 56-66-66. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-1-56-66>

Бисенбаева М.К. Этномәдени лексиканың танымдық-қатысымдық қызметі (аймақтық лексика материалдары

негізінде): философия докторы (PhD) ... дис. – Алматы, 2019.

Денисенко В.Н. К обоснованию теории языкового моделирования // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. – 2005. – №1. – С. 7-18.

Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: Формальды модельдеу. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 280 б.

Жұбанов А.Қ. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе: монография. – Алматы: «КІЕ лингвоелтану инновациялық орталығы», 2013. – 204 б.

Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 209 б.

Жұбанов А.Қ. Принципы автоматизации морфологической разметки текстов Национального корпуса казахского языка (НККЯ) // Материалы Международной научно-практической конференции «Контрастные исследования и прикладная лингвистика». 29-30 октября 2014 года в Минском государственном лингвистическом университете. – Минск. – 4 комп.стр.

Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә. Корпустық лингвистика. – Алматы: Қазақ тілі, 2017. – 336 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Әлем Даму Интеграция», 2017. – 4-том. – 856 б.

Лотман Ю.М. Семиосфера. – СПб.: Искусство-СПб, 1992. – 704 с.

Манкеева Ж. Тіл және мәдениет: лингвомәдениеттанудың өзекті мәселелері. – Алматы: Елтаным, 2008. – 350 б.

Dunn, J. Representations of language varieties are reliable given corpus similarity measures. Proceedings of the Eighth Workshop on NLP for Similar Languages, Varieties and Dialects. Kyiv, Ukraine: Association for Computational Linguistics, 2021. Pp. 28-38.

Hardie, A. Modelling linguistic variation with corpora. Quantitative corpus linguistics with R. Routledge, 2017. Vol. 3. Iss. 3. Pp. 201-204. <https://doi.org/10.47689/2181-3701>

Lakoff, G. Johnson, M. Metaphors We Live By. Chicago: University of Chicago Press, 1980.

Tlegenova, G.B., Rysbergen, K.K., Zhanabekova, A.A. Representativeness of Mythonyms and Theonyms in Language Corpora. International Journal of Society, Culture & Language. Vol. 12(1). 2024. Pp. 374-395. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2024.2017262.3288>

## References

Barmenqulova, A.S., Zhanabekova, A.A., Mankeeva, Zh.A. (2023) Jetnomadeni birlikterding korpusta berilu zhodyary. Tiltanym. 89(1): 56-66-bb. [Barmenqulova, A.S., Zhanabekova, A.A., Mankeyeva, Zh.A. (2023) Ways of Transmitting Ethnocultural Units in the Corpus. Tiltanym. Vol. 89(1). Pp. 56-66.] <https://doi.org/10.55491/2411-6076> (in Kazakh)

Bisenbaeva, M.K. (2019) Jetnomadeni leksikanyng tanyndyq-qatysymdyq qyzmeti (ajmaqtyq leksika materialdary negizinde): Filosofija doktory (PhD) ... dissertaciya. [Bissenbayeva, M.K. (2019) Cognitive and Communicative Functions of Ethnocultural Vocabulary (Based on Regional Lexical Materials): Dissertation PhD. Almaty.] (in Kazakh)

Denisenko, V.N. (2005) K obosnovaniyu teorii jazykovogo modelirovaniya. Vestnik Rossijskogo universiteta druzhby narodov. Seriya: Teoriya jazyka. Semiotika. Semantika. No. 1. S. 7-18. [Denisenko, V.N. (2005) On the substantiation of the theory of linguistic modeling. Bulletin of the Peoples' Friendship University of Russia. Series: Theory of language. Semiotics. Semantics. No. 1. Pp. 7-18.] (in Russian)

Dunn, J. (2021) Representations of language varieties are reliable given corpus similarity measures. Proceedings of the Eighth Workshop on NLP for Similar Languages, Varieties and Dialects. Kyiv, Ukraine: Association for Computational Linguistics. Pp. 28-38. (in English)

Hardie, A. (2017) Modelling linguistic variation with corpora. Quantitative corpus linguistics with R. Routledge. Vol. 3. Iss. 3. Pp. 201-204. <https://doi.org/10.47689/2181-3701> (in English)

Lakoff, G., Johnson, M. (1980) Metaphors We Live by. Chicago: University of Chicago Press. (in English)

Lotman, Ju.M. (1992) Semiosfera. SPb.: Iskusstvo-SPb. 704 s. [Lotman, Yu.M. (1992) Semiosphere. SPb.: Iskusstvo-SPb. 704 p.] (in Russian)

Mankeeva, Zh.A. (2008) Til zhane madeniet: lingvomadeniettanudyng ozekti maseleleri. Almaty: Eltanym. 350 b. [Mankeyeva, Zh.A. (2008) Language and culture: actual problems of linguoculturology. Almaty: Eltanym. 350 p.] (in Kazakh)

Tlegenova, G.B., Rysbergen, K.K., Zhanabekova, A.A. (2024) Representativeness of Mythonyms and Theonyms in Language Corpora. International Journal of Society, Culture & Language. Vol. 12(1). Pp. 374-395. <https://doi.org/10.22034/ijscsl.2024.2017262.3288> (in English)

Zhubanov, A.K. (2006) Qoldanbaly lingvistika: Formal'di model'deu. Oqu quraly. Almaty: Qazaq universiteti. 280 b. [Zhubanov, A.K. (2006) Corpus linguistics: Hull models: in Wormel modeling. Textbook. Almaty: Qazaq universiteti. 280 p.] (in Kazakh)

Zhubanov, A.Q. (2013) Komp`juterlik lingvistikaga kirispe. Monografija. Almaty: “KIE eltanu” innovacijalyq oqtalygy. 204 b. [Zhubanov, A.K. (2013) Introduction to Computational Linguistics. Monograph. Almaty: Innovation Center “KIE linguoeltanu”. 204 p.] (in Kazakh)

Zhubanov, A.K. (2013) Qoldanbaly lingvistika: qazaq tilining statistikasy. Monografija. Almaty: Qazaq universiteti.

209 b. [Zhubanov, A.K. (2013) Corpus Linguistics: Kazakh language statistics. Monograph. Almaty: Qazaq universiteti. 209 p.] (in Kazakh)

Zhubanov, A.K. (2014) Principy avtomatizacii morfologicheskoy razmetki tekstov Nacional'nogo korpusa kazahskogo jazyka (NKKJa). Materialy Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii "Kontrastivnye issledovaniya i prikladnaya lingvistika" 29-30 oktjabrja, v Minskom gosudarstvennom lingvisticheskom universitete. Minsk. 4 comp. [Zhubanov, A.K. (2014) Principles of Automating Morphological Markup of the National Corpus of the Kazakh Language (NCL). Proceedings of the International Scientific and Practical Conference "Contrastive Studies and Applied Linguistics". October 29-30, at the Minsk State Linguistic University. Minsk. 4 comp.] (in Russian)

Zhubanov, A.Q. Zhangabekova, A.A. (2017) Korpustyq lingvistika. Almaty: Qazaq tili. 336 b. [Zhubanov, A.K., Zhanabekova, A.A. (2017) Corpus Linguistics. Almaty: Kazakh language. 336 p.] (in Kazakh)

*Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article*

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 06.11.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 28.03.2026.

© Барменкулова А.С., Манкеева Ж.А., Амиртаева С.К., 2026

